Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті
Мәдениет және өнер факультеті

Бекітемін
М.Өтемісов атындағы
Батыс Қазақстан
университетінің қабылдау
комиссиясының төрағасы
_____ Сергалиев Н.Х.
15 __05__ 2026 ж.

В027 Театр өнері
білім беру бағдарламасы тобы бойынша шығармашылық және оқуға қабылдау емтихандарының БАҒДАРЛАМАСЫ

Орал – 2026

Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына сәйкес.

Режиссура, хореография және мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы отырысында қаралды.
№ ___ хаттама «___» мамыр 2026 ж.
Білім беру бағдарламасының жетекшісі _____ Айткалиева К.Д.

Мәдениет және өнер факультет кеңесінің отырысында бекітілді
№ ___хаттама «___» мамыр 2026 ж.
Факультет кеңесінің төрағасы:_____Кажимова К.Р.

Кіріспе бөлім

1.Аннотация

2.Түсу сынағының құрылымы
3.Қабылдау сынағының сипаттамасы
4.Бағдарламаның мазмұны мен сұрақтары
4.1 Қысқартылған оқу түріне өтініш берген техникалық және кәсіби білімнен кейін түсетін түлектерді қабылдау үшін емтихан сұрақтары
4.2 Шетел азаматтары үшін сұхбаттасу сұрақтары
5. Оқуға түсу сынағына дайындық үшін әдебиеттер тізбесі

Кіріспе бөлім
1.Аннотация

Шығармашылық емтихандарды өткізу «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламала-рын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуғақабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан РеспубликасыБілім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан–дағы № 600 бұйрығынасәйкес әзірленген және шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін анықтайды.

2.Түсу сынағының құрылымы

Шығармашылық емтиханның мақсаты талапкерлердің шығармашылық қабілеттерінің және шығармашылық бағыттағы кәсіптерді меңгерудегі тұлғалық алғышарттарының болуын тексеру болып табылады.
Шығармашылық емтихандарды жоғары оқу орындарының пәндік комиссиялары өткізеді.
Шығармашылық мамандықтарға талапкерлерден өтінімдерді қабылдау олардың таңдаған жоғары оқу орнының мекен-жайы бойынша жүзеге асырылады.
Шығармашылық емтихандардың кестесін (пәннің атауы, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар, нәтижелерді жариялау күні) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және құжаттар қабылдау басталғаннан кешіктірілмей талапкерлердің назарына жеткізіледі.
Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 50 балдық жүйе бойынша бағаланады.
Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылықемтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады

3.Шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі

Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде аудиторияда бөтен тұлғалардың болуына жол берілмейді.
Талапкер шығармашылық емтиханға кестеде көрсетілген мерзімде келеді. Талапкер шығармашылық емтихан өткізу аудиториясына жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен жағдайда жіберіледі.
Шығармашылық емтиханды өткізу кезінде бір орыннан басқа орынға ауысуға, емтихан материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, аудиторияға оқулықтарды, басқа да әдістемелік әдебиеттерді, мобильді байланыс құралдарын кіргізуге және қолдануға тыйым салынады.
Шығармашылық емтихандар тыныш және қолайлы жағдаймен қамтамасыз етіледі, талапкерлерге өз білімі мен білік деңгейін толық көрсете алуына барынша мүмкіндік жасалады.
Шығармашылық емтиханға қайта қатысуға және қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.
Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары еркін нысандағы бағалау ведомосымен және пәндік комиссия хаттамасымен ресімделеді.
Бағалау ведомостері және бағалары мен тексеруші емтихан қабылдаушылардың, пәндік комиссиясы төрағасының қолдары қойылған хаттамалар жауапты хатшыға (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі.
Шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткеннен кейін **сол** күні хабарланады.
Талаптарды сақтауды және шығармашылық емтихандарды бағалау кезіндегі даулы мәселелерді шешуді, емтихан өткізу кезеңінде шығармашылық емтихандар тапсырушы

тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында әрбір жоғары оқу орнында апелляциялық комиссия құрылады.

4. Бағдарламаның мазмұны мен сұрақтары

(Театр студиясының, театр үйірмесінің, өнер мектептерінің түлектеріне, орта білімнен кейінгі - күндізгі оқу түрі)

В027 Театр өнері білім беру бағдарламасы тобыбойынша бітірген түлектерге өнер бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

В027 Театр өнері білім беру бағдарламасы тобыбойынша бітірген түлектер:

- Драма театрының режиссері
- Бұқаралық қойылымдар мен шоудың режиссері
- Режиссер-продюсер
- Драма театрының актері;
- Театр және шығармашылық ұжымдардың жетекшісі;
- Радио мен теледидардың, концерттік бағдарламалардың дикторы және жүргізушісі.

В027 Театр өнері білім беру бағдарламасы тобыбакалавры атқаратын кәсіби қызмет саласы: мәдениет, өнер, бұқаралық ақпарат құралдары мен білім саласында кәсіби қызмет орындары болып табылады.

В027 Театр өнері білім беру бағдарламасы тобыбакалавры жасайтын қызмет объектісі: театрлар, шығармашылық орталықтар, киностудиялар, телестудиялар, мәдениет мекемелері, өнер және бұқаралық ақпарат құралдары, жоғары өнер оқу орындары.

<u>ЖОО-на түсу үшін талапкер міндетті түрде екі пәннен тест тапсырады:</u>

1. Қазақстан тарихы
2. Оқу сауаттылығы

<u>Екі шығармашылық емтихандар:</u>

1. Актер шеберлігі, сахна тілі
2. Би, вокал.

Қабылдау талаптары:

«Актерлік өнер» білім беру бағдарламасына түсетін талапкерлер үшін жас шектеулері:
қыздар– 17 мен 21 жас
жігіттер – 17 мен 23 жас
Сонымен қатар,
а) сөйлеу тазалығы (дикция, артикуляция, жақтың, тістің дұрыс орналасуы, сөйлеудің ақаусыз айтылуы);
б) сыртқы келбеті сипаттамалары (сыртқы сахналық фактура):
в) тартымды сүйкімділік;
г) физикалық кемшіліктер болмауы керек;
д) ырғақ сезімі, есту;
е)пластика (ұсынылған жағдайға денені бағындыру қабілеті (би, заттардың, жануарлардың, адамдардың бейнесі).

Талапкердің бойында төмендегідей қабілеттер болу керек:

Оқуға түсетін талапкердің бойында актер шеберлігі, әдеби шығармашылық дағды, бейнелеу өнері, театр, кино және телевидение саласында білімі болу керек. Сонымен қатар жоғары деңгейде шығармашылық қиялы мен бейнелі ойлау қабілеті, шығарманың экспликациясыменжұмысында оның тақырыбын, идеясын, қақтығысын, қақтығыстың сюжеттік желісін, композициясын, көкейкесті мақсатын талдауда ойдың айқындығы ескеріледі.

Талапкер берілген тақырыптар бойынша кеңірек негізгі тақырыпты, идеяны, қақтығыс, бастымақсатына толық ашу керек.
Театр өнері және драматургия саласына қатысты шығармашылық жұмыстары, сонымен қатар типографиялық түрде теріліп, жазбаша жазылған, талапкердің өзі шығарған әңгіме, очерк, фильм немесе инсценировка сценарийі қабылдау комиссиясына ұсынылатын болса талапкердің бағасы артады.

Екі шығармашылық емтихан тапсырады:

<u>1 емтихан – Актер шеберлігі, сахна тілі</u>
Емтиханға бірнеше әдеби шығармаларды орындау кіреді: мысал, өлең, прозадан үзінді, драмалық шығармалардан монолог (ұзақтығы 3-5 минут).
Бағдарламаға классикалық, қазіргі, қазақ, орыс және шетел әдебиетінің үлгілері енгізілгені абзал. Орындалатын шығармалар бір-бірінен мазмұны мен жанры жағынан ерекшеленуі керек, бұл талапкер қабілетінің ауқымын, оның шығармашылық даралығының байлығын толық ашуға мүмкіндік береді. Талапкердің,ең алдымен, емтиханда орындалған жұмысты түсінуі, автордың ой-ниетіне енуі, тыңдаушыларды еліктіріп, қызықтыру қабілеті бағаланады.
Талаптар:
- өлең;
- мысал;
- проза;
- этюд;
- пластика (би, ырғаққа сай қозғалыс және т.б.) ;
- ән (түрді жанрда, екі, үшеу);

Критерийлер:
- Дауыс тембрі;
- дыбыс күші;
- диапазон;
- екпін тазалығы;
- ырғақты сезіну;
- қаһарманның сезімі мен ойын жеткізе білу;
- көркем мәнерлілік.

1. Проза.
Авторды таңдау, және проза үзіндісін оқуда іс-әрекет пен ой берілген үзіндінің басынан аяғына дейін қамтылуы шарт. Талапкердің орындаушылық шеберлігінде суреттелетін құбылыстардың мәнін ашу нақты қадағалануы тиіс. Классикалық және қазіргі заманғы авторлар материалдарын таңдау керек.
Орындаушыны бағалаудың маңызды критерийі:
- көркемдік мәнерлілігі;
- көрерменмен тікелей байланысты іздеу;
- орындаушының образы, материалмен бірінші жақта жұмыс істеу дағдысы;
- орындаушының материалға жеке қатысы (автор, пікірлес адамы ретінде);
- кейіпкерлер психологиясының ең нәзік ерекшеліктерін прозада жеткізе білу.

Ұзақтығы 3-5 минут.
2. Өлең (автор талапкердің таңдауы бойынша):
- автордың азаматтық ұстанымы мен дүниетанымы;
- өлеңнің әуені, оның өлшемі мен ырғағы, ұйқас тәсілі;
- назар аудару объектісі; көркемдік мәнерлілік (дауыс, екпін, ишара, өлшем - ырғақ);
- сөз әрекеті мен пластиканың өзара әрекеті.

Ұзақтығы 3-5 минут.

3. Мысалды оқу:
• характер жасау және кейіпкерлердің ерекшелігін баса көрсету;
• көрнекті қақтығыс және контраст;
• әрекеттегі импровизация;
• «әңгіме желісін» жоғалтпай бір образдан екіншісіне жылдам ауысу мүмкіндігі. Ұзақтығы 3-5 минут.
4. Этюд көрсету.
Талапкер өз бетімен таңдаған немесе оқытушы ұсынған кез келген тақырыпқа жеке немесе серіктесімен (елес заттарға, жануарлардың бейнелеріне, «оқиғаға» құрылатын) этюдтар дайындайды және көрсетеді.Этюд негізінде қақтығыс және ашық сипатта көрсетілген характерлі кейіпкерлері бар толық аяқталған оқиға (болған оқиғаның фактісі) болуы шарт. Этюдтің көкейкесті мақсаты, бір нәрсеге шақыру ретінде, анық көрінуі керек. Сондай-ақ емтихан тапсырушыларға сахналық этюдтың ұсынылған жағдайға байланысты қарапайым әрекетін импровизация арқылы орындау ұсынылуы мүмкін.
• пластика;
• импровизация;
• сахналық зейін, серіктесті тыңдау және сезіну қабілеті;
• сахналық қатынас және фактіні бағалау;
• реализм;
• шынайылық, әсерлілік;
• қиял.
Ұзақтығы 3-5 минут.
5. Ән мен биді орындау.
Талапкер өз таңдауы бойынша бір ән айту, кез келген биді (халықтық, классикалық, модерн және т.б.) орындау ұсынылуы мүмкін. Талапкердің музыкалық қабілеті, ырғақ сезімі, пластикалық, яғни, қарапайым биді орындаудағы өлшем мәнері мен қозғалыс үйлесімі және актер мамандығына қажетті басқа да қасиеттер тексеріледі.
Ұзақтығы 3-5 минут.

<u>2 емтихан – Би, вокал</u>
Талапкердің би, вокал пәндері бойынша қабілеттері айқындалады. Вокал пәні бойынша дауысының қабілеттерін көрсететін 1 ән және би пәні бойынша пластикалық мүмкіндіктерін ашатын 1 би орындайды. Талапкердің шығармашылық әлеуеті, мәдениет және өнер саласына қатысты білімі, режиссура негізі, актер шеберлігінен білімі, Қазақстан және шетел театр және кино өнеріндегі белгілі режиссерлер шығармашылығынан білімін тексеру мақсатында комиссия тарапынан қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Бағалау критерийлері:
«өте жақсы» - талапкер дауыс пен таза сөйлеудің тамаша табиғи сипатына ие. Талапкер дайындаған барлық әдеби шығармалар жоғары көркемдік деңгейде орындалады: алуан түрлі репертуар таңдаудағы тәсілдеме принциптері, мәнерлілік пен эмоционалдылық, орындалатын шығарманың мағыналық толықтығы, авторлық стильге, шығарманың жанрына және формасына сәйкестігі көрсетіледі. Талапкер драмалық этюдты және емтихан комиссиясының тапсырмаларын орындады; артистік қабілет: сахналық темперамент, сахналық сүйкімділік пен жұғымды әсерлілік, бейнелі қабылдау қабілеті, сахналық сенім мен шындықты сезіну, кейіпкерге тән ерекшеліктерді жеткізе білу, импровизациялау қабілеті көрінді. Таңдалған тақырыбы мен этюд мазмұнында қоршаған ортаны қабылдаудың өзіндік ерекшелігі ашылды; орындауында қисын, әрекет сабақтастығы және мағыналық толықтық, сонымен қатар сахналық тартымдылық бар.
жақсы» - талапкер дауыс пен таза сөйлеудің сипатын мейлінше аша білді. Кейбір шығармалардың орындалуында стилистикалық тұрғыдан дәлдік, мәнерлілік жоқ, және дауыстың эмоционалды бояуы көмескі, десекте, орындалған шығарманың мағыналық

толықтығына қол жеткізілді. Талапкер драмалық этюдты орындап, қажетті актерлік шеберлікті көрсетті; олардың көріну дәрежесін жеткілікті деп сипаттауға болады, бірақта сахналық сүйкімділік пен жұғымды әсерлілік кем болды.

«қанағаттанарлық» - талапкер дауыс пен таза сөйлеудің айқын сипатын нақты көрсете алмады. Айтылым түзетуді қажет етеді (мысалы, диалект, әсіре мәнер). Әдеби шығармаларды орындауда стилистикалық жағынан дәлдік, мәнерлілік жетіспеді, орындалатын шығарманың жанрға сәйкес мағыналық толықтығы ашылмаған. Талапкер драмалық этюдты орындағанда актерлік шеберліктің қажетті элементтерін толыққанды көрсета алмады. Емтихан комиссиясының кейбір тапсырмалары қате құрылып, шінәрә іске аспай қалған.

«қанағаттанарлықсыз» - талапкер дауыс пен таза сөйлеудің сипатын нақты көрсете алмады. Айтылым түзетуді қажет етеді (мысалы, диалект, әсіре мәнер). Әдеби шығармаларды орындауда стилистикалық жағынан дәлдік, мәнерлілік болмады, орындалатын шығарманың жанрға сәйкес мағыналық толықтығы ашылмаған. Талапкер драмалық этюдты орындағанда актерлік шеберліктің қажетті элементтерін көрсета алмады. Емтихан комиссиясының барлық тапсырмалары қате құрылып, толығымен іске аспай қалған.

Шығармашылық емтиханның әрқайсысы жеке бағаланады. Бір шығармашылық емтиханның ең жоғарғы баллы – 50.
45-50 балл «өте жақсы»
35-44 балл «жақсы»
5-34 балл «қанағаттанарлық»
0-4 балл «қанағаттанарлықсыз»

4.1 Қысқартылған оқу түріне өтініш берген техникалық және кәсіби білімнен кейін түсетін түлектерді қабылдау үшін емтихан сұрақтары
(Орта арнайы білімі бар-ұқсастехникалық және кәсіптік мамандықтарының түлектеріне-күндізгі қысқартылған оқу түрі)

В027 Театр өнері білім беру бағдарламасы тобыбойынша бітірген түлектерге өнер бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

В027 Театр өнері білім беру бағдарламасы тобыбойынша бітірген түлектер:

- Драма театрының режиссері
- Бұқаралық қойылымдар мен шоудың режиссері
- Режиссер-продюсер
- Драма театрының актері;
- Театр және шығармашылық ұжымдардың жетекшісі;
- Радио мен теледидардың, концерттік бағдарламалардың дикторы және жүргізушісі.

В027 Театр өнері білім беру бағдарламасы тобыбакалавры атқаратын кәсіби қызмет саласы: мәдениет, өнер, бұқаралық ақпарат құралдары мен білім саласында кәсіби қызмет орындары болып табылады.

В027 Театр өнері білім беру бағдарламасы тобыбакалавры жасайтын қызмет объектісі: театрлар, шығармашылық орталықтар, киностудиялар, телестудиялар, мәдениет мекемелері, өнер және бұқаралық ақпарат құралдары, жоғары өнер оқу орындары.

Бағалау критерийлері:

В027 Театр өнері білім беру бағдарламасы тобы бойынша топқа қабылданатын түлектер 1 шығармашылық емтихан тапсырады.

Көркем шығарма оқу

а) Кәсіби деңгейде мәнерлеп оқу, дауыстың дұрыс қойылуы, дұрыс тыныс алу және анық дикция;
б) 2-3 көркем шығарма (күрделілігіне байланысты) актерлік шеберліктерін көрсетеді (қазақ және шетел драматургтерінің пьесаларынан үзінді);
в) көркем шығармаға инсценировка жасау (проза, әңгіме, роман, т.б.).

Қабылдау талаптары

Талапкердің жалпы білім деңгейі айқындалады, оның шығармашылық әлеуеті, мәдениет және өнер саласына қатысты білімі, режиссура негізі, актер шеберлігінен білімі, Қазақстан және шетел театр және кино өнеріндегі белгілі режиссерлер шығармашылығынан білімі. Сонымен қатар талапкер қазақ және шетел драматургиясы шығармаларын жақсы білуі тиіс.

Бағалау критерийлері:
«өте жақсы» - талапкер дауыс пен таза сөйлеудің тамаша табиғи сипатына ие. Талапкер дайындаған барлық әдеби шығармалар жоғары көркемдік деңгейде орындалады: алуан түрлі репертуар таңдаудағы тәсілдеме принциптері, мәнерлілік пен эмоционалдылық, орындалатын шығарманың мағыналық толықтығы, авторлық стильге, шығарманың жанрына және формасына сәйкестігі көрсетіледі. Талапкер драмалық этюдты және емтихан комиссиясының тапсырмаларын орындады; артистік қабілет: сахналық темперамент, сахналық сүйкімділік пен жұғымды әсерлілік, бейнелі қабылдау қабілеті, сахналық сенім мен шындықты сезіну, кейіпкерге тән ерекшеліктерді жеткізе білу, импровизациялау қабілеті көрінді. Таңдалған тақырыбы мен этюд мазмұнында қоршаған ортаны қабылдаудың өзіндік ерекшелігі ашылды; орындауында қисын, әрекет сабақтастығы және мағыналық толықтық, сонымен қатар сахналық тартымдылық бар.
жақсы» - талапкер дауыс пен таза сөйлеудің сипатын мейлінше аша білді. Кейбір шығармалардың орындалуында стилистикалық тұрғыдан дәлдік, мәнерлілік жоқ, және дауыстың эмоционалды бояуы көмескі, десекте, орындалған шығарманың мағыналық толықтығына қол жеткізілді. Талапкер драмалық этюдты орындап, қажетті актерлік шеберлікті көрсетті; олардың көріну дәрежесін жеткілікті деп сипаттауға болады, бірақта сахналық сүйкімділік пен жұғымды әсерлілік кем болды.
«қанағаттанарлық» - талапкер дауыс пен таза сөйлеудің айқын сипатын нақты көрсете алмады. Айтылым түзетуді қажет етеді (мысалы, диалект, әсіре мәнер). Әдеби шығармаларды орындауда стилистикалық жағынан дәлдік, мәнерлілік жетіспеді, орындалатын шығарманың жанрға сәйкес мағыналық толықтығы ашылмаған. Талапкер драмалық этюдты орындағанда актерлік шеберліктің қажетті элементтерін толыққанды көрсета алмады. Емтихан комиссиясының кейбір тапсырмалары қате құрылып, шінәрә іске аспай қалған.
«қанағаттанарлықсыз» - талапкер дауыс пен таза сөйлеудің сипатын нақты көрсете алмады. Айтылым түзетуді қажет етеді (мысалы, диалект, әсіре мәнер). Әдеби шығармаларды орындауда стилистикалық жағынан дәлдік, мәнерлілік болмады, орындалатын шығарманың жанрға сәйкес мағыналық толықтығы ашылмаған. Талапкер драмалық этюдты орындағанда актерлік шеберліктің қажетті элементтерін көрсета алмады. Емтихан комиссиясының барлық тапсырмалары қате құрылып, толығымен іске аспай қалған.

Шығармашылық емтиханның ең жоғарғы баллы – 20.
15-20 балл «өте жақсы»
10-14 балл «жақсы»
5-9 баллов «қанағаттанарлық»
0-4 баллов «қанағаттанарлықсыз»

Сұхбаттасу сұрақтары:

1. Қазақ театрын ұйымдастырушы актерлер.
2. Театр өнерінің эстетикалық-тәрбиелік мәні.
3. Қазіргі кино саласындағы дарынды актерлер.
4. Қазақ театры тарихындағы дарынды тұлғалар.
5. Ш.Айтматовтың драматургиясы.
6. Көркем шығармадағы конфликт.
7. А.Әшімовтің шығармашылығы.
8. XV ғасырдағы әйгілі шетел драматургтері туралы әңгімелеңіз.
9. «Орфоэпия» туралы түсінік (мысал келтір).
10. Т.Жаманқұловтың шығармашылығы.
11. Қазақ драматургтері (XIX-XX ғ.ғ.).
12. XX ғасырдағы орыс драма театры.
13. Ресейдегі кино өнерінің дамуы (1850-1860 жж.).
14. Қазіргі Қазақстандағы кино өнері (2000-2018 жж.).
15. «Қыз Жібек» фильмінің режиссері.
16. Ш.Аймановтың шығармашылығы.
17. Қазіргі заманғы Қазақстан театры режиссерлерін атаңыз.
18. Қазақстандағы кино өнері режиссерлері.
19. «Шықбермес Шығайбай мен АлдарКөсе» ертегісіндегі Алдар Көсе образы.
20. XXI ғасырдағы қазақ драматургтері туралы әңгімеле.
21. Театр өнерінің түрлері мен жанрлары.
22. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» трагедиясы.
23. Х.Бөкееваның шығармашылық жолы.
24. Батыс Қазақстан облысындағы театрлар.
25. Қазақстандағы театр өнерінің дамуы (1990-2019 жж.).
26. Ғ.Мүсірепов шығармашылығы.
27. «Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер», «Алдар Көсе», «Атамекен» фильмдерінің режисері туралы әңгімеле.
28. Ахмет Жұбановтын шығармашылығы.
29. Қазақстан музыка өнерінің қайраткерлері (XX ғасырдың бірінші жартысы).
30. Қазақстандағы қуыршақ театрының даму тарихы.
31. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ театры.
32. 1970-1980 жылдардағы қазақ киносы.
33. Қазақстандағыәйгілі театр режиссерлері.
34. Қазақстан киносының қалыптасу тарихы.
35. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстандағы орыс театрының қызметі.
36. Сал-серілер және олардың шығармашылығы.
37. Айтыспен театр өнері арасындағы байланыс.
38. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тұңғыш қазақ драматургиялық шығармалары.
39. Н.Островский атындағы облыстық орыс театрының қалыптасу тарихы (БҚО).
40. М.Әуезовтың «Қарагөз» трагедиясының негізгі идеясы.
41. Ж.Шанин өмірі мен шығармашылығы.
42. Н.В.Гогольдің шығармашылығы.
43. А.П.Чеховтың «Шағала» шығармасын талдау.
44. «Қыз Жібек» фильмінің режиссері, басты рөлді орындаушылар.
45. Сәбира Майқановаңың театр өнеріне қосқан үлесі.
46. Әмина Өмірзақованың өмірі мен шығармашылығы.
47. Хадиша Бөкееваның шығармашылығының ерекшелігі.
48. Бикен Римованың қазақ драма театрындағы өнер жолы.
49. Серке Қожамқұловтың сахнадағы шығармашылық қызметі.
50. Театр - өнердің бір түрі.

4.2 Шетел азаматтарымен мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар үшін сұхбаттасу сұрақтары

Емтиханың мақсаты – талапкердің қазақстандық, орыс, шетелдік драматургтардың шығармашылығы және шығармалары, театр өнерінің негізгі бағыттары мен жанрлары, орындаушылық өнердің стильдері мен түрлері туралы білімін анықтау.

1. Театр - өнердің бір түрі.
2. Театр өнері-ұжымдық өнер.
3. Театр қойылымдарындағы режиссердің үлесі.
4. Театр өнерінің қалыптасу тарихы.
5. Қазақстанның театр өнері.
6. М.Әуезовтың «Еңлік-Кебек» трагедиясы.
7. Шекспирдің дүниежүзілік театрда алатын орны.
8. Шекспирдің «Ромео-Джульетта» трагедиясы.
9. Ж.Шанин қазақ театрының дамуына қосқан үлесі.
10. Қазақ театрын ұйымдастырушы актерлер.
11. Театр өнерінің эстетикалық-тәрбиелік мәні.
12. Қазіргі кино саласындағы дарынды актерлер.
13. Қазақ театры тарихындағы дарынды тұлғалар.
14. Ш.Айтматовтың драматургиясы.
15. Көркем шығармадағы конфликт.
16. А.Әшімовтің шығармашылығы.
17. XV ғасырдағы әйгілі шетел драматургтері туралы әңгімелеңіз.
18. «Орфоэпия» туралы түсінік (мысал келтір).
19. Т.Жаманқұловтың шығармашылығы.
20. Қазақ драматургтері (XIX-XX ғ.ғ.).
21. XX ғасырдағы орыс драма театры.
22. Ресейдегі кино өнерінің дамуы (1850-1860 жж.).
23. Қазіргі Қазақстандағы кино өнері (2000-2018 жж.).
24. «Қыз Жібек» фильмінің режиссері.
25. Ш.Аймановтың шығармашылығы.
26. Қазіргі заманғы Қазақстан театры режиссерлерін атаңыз.
27. Қазақстандағы кино өнері режиссерлері.
28. «Шықбермес Шығайбай мен АлдарКөсе» ертегісіндегі Алдар Көсе образы.
29. XXI ғасырдағы қазақ драматургтері туралы әңгімеле.
30. Театр өнерінің түрлері мен жанрлары.
31. «Қозы Көрпеш – Баян Сұлу» трагедиясы.
32. Х.Бөкееваның шығармашылық жолы.
33. Батыс Қазақстан облысындағы театрлар.
34. Қазақстандағы театр өнерінің дамуы (1990-2019 жж.).
35. Ғ.Мүсірепов шығармашылығы.
36. «Дала қызы», «Біздің сүйікті дәрігер», «Алдар Көсе», «Атамекен» фильмдерінің режисері туралы әңгімеле.
37. Ахмет Жұбановтын шығармашылығы.
38. Қазақстан музыка өнерінің қайраткерлері (XX ғасырдың бірінші жартысы).
39. Қазақстандағы қуыршақ театрының даму тарихы.
40. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қазақ театры.
41. 1970-1980 жылдардағы қазақ киносы.
42. Қазақстандағыәйгілі театр режиссерлері.
43. Қазақстан киносының қалыптасу тарихы.
44. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы Қазақстандағы орыс театрының қызметі.
45. Сал-серілер және олардың шығармашылығы.
46. Айтыспен театр өнері арасындағы байланыс.

47. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тұңғыш қазақ драматургиялық шығармалары.
48. Н.Островский атындағы облыстық орыс театрының қалыптасу тарихы (БҚО).
49. М.Әуезовтың «Қарагөз» трагедиясының негізгі идеясы.
50. Ж.Шанин өмірі мен шығармашылығы.
51. Н.В.Гогольдің шығармашылығы.
52. А.П.Чеховтың «Шағала» шығармасын талдау.
53. «Қыз Жібек» фильмінің режиссері, басты рөлді орындаушылар.
54. Сәбира Майқановаңың театр өнеріне қосқан үлесі.
55. Әмина Өмірзақованың өмірі мен шығармашылығы.
56. Хадиша Бөкееваның шығармашылығының ерекшелігі.
57. Бикен Римованың қазақ драма театрындағы өнер жолы.
58. Серке Қожамқұловтың сахнадағы шығармашылық қызметі.
59. Х.Бөкеева атындағы облыстық қазақ драма театрының қалыптасу тарихы (БҚО).
60. 1945-75 жылдар аралығындағы қазақтың актерлік өнері.

Әңгімелесу төменде көрсетілген кестедегі критериялар бойынша бағаланады:

Балл жүйесінде қойылған қорытынды баға (ҚБ)	Баллдың сандық баламасы (С)	Баллдың әріптік баламасы (Ә)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау (Д)
95-100	4,0	A	Өте жақсы
90-94	3,67	A-	
85-89	3,33	B+	Жақсы
80-84	3,0	B	
75-79	2,67	B-	
70-74	2,33	C+	
65-69	2,0	C	Қанағаттанарлық
60-64	1,67	C-	
55-59	1,33	D+	
50-54	1,0	D	
25-49	0,5	FX	Қанағаттанарлықсыз
0-24	0	F	

5.Оқуға түсу сынағына дайындық үшін әдебиеттер тізбесі

1. Александровкая М.Б. Азбука актерской профессии. -СбП. 2002.
2. Акимов Н. Театральное наследие. В 2 т. -Л., 1978.
3. Альперс Б. Театральные очерки. В 2.т.- Л., 1977 ж
4. Байсеркенов М. Сахна және актер. -А .:1993.
5. Березкин В. Сценография. -М. : 1989.
6. Блок В. Диалектика театра.- М., 1983.
7. Брехт Б. О театре. – М., 1960.
8. Брук П. Пустое пространство. – М., 1976.
9. Буров А.Г. Режиссура и педагогика-М., 1975.
10. Варпаховский Л. Наблюдения, опыт, анализ. – М., 1976.
11. Вахтангов Е. Материалы и статьи. – М., 1983.
12. Волькенштейн. В. Драматургия. М.. Советский писатель, 1969.
13. Виноградская И. Жизнь и творчество Станиславского. – М., 1976.

14. Завадский Ю. Система Станиславского – путь к созданию типического образа. – в сб.:
15. Генкин Д.М. Массовые праздники. -М., 1975.
16. Генкин Д.М. Конович А.А. Сценарное мастерство культпросветработника. – М.. Советская Россия, 1984.
17. Гиппиус З. Тренинг развития креативности. СПб., 2001.
18. Гиппиус С. Гимнастика чувств. -М;1967.
19. Голубовский Б.Г. Между репетициями. Самостоятельная работа артиста. –М., 1988.
20. Граник Г.Г. Концевая Л.А. Драматурги.Драматургия.Театр. М.:1999.
21. Гремиславский И.Я. Театральный грим. М., Искусство, 1989.
22. Грачева Л.В. Актерский тренинг: теория и практика. – СПб., 2003.
23. Грачева Л. В. Тренинг внутренней свободы. Актуализация творческого потенциала. - СПб.: Издательство «Речь», 2005.
24. Захава Б. Мастерство актера и режиссера. М., 1969.
25. Захава Б. «Мастерство актера и режиссера»-М.:1973.
26. Захава Б. Мастерство актера и режиссера. -М;1990.
27. Збруева Н.П. Ритмическое воспитание актера. Методическое пособие. – М., 2003.
28. Қазақ сахнасының шеберлері. –Алматы. Таңбалы, 2010.
29. Қазақ өнерінің тарихы. 3 томдық. (20- ғасырдың екінші жартысы 3-том,2 кітап,). – Алматы: «Өнер», 2009.-480б.:
30. Капица Р.Р. Технология грима. -Л.: 1990.
31. Кнебель М. О действенном анализе роли. - М.: 1961.
32. Козюренко Ю.И. Звуковое оформление спектакля. - М .: 1990.
33. Кох. И.Э. Основа сценического движения. -Л.:1970.
34. Кристи Г.В. Воспитание актера школы Станиславского. – М., 1978.
35. Құндақбайұлы Б. Театр туралы толғаныстар. Алматы, «Өнер», 2006
36. Марков П.О. О театре. В 4 т. – М., 1976.
37. Мечик Д.И. Искусство актера на эстраде. – М., 1972.
38. Мухамедин М.М. Драма теориясы.-Шымкент, ОҚМУ, 2011.
39. Нұрпейіс Б. Қазақ театр режиссурасының қалыптасуы мен дамуы кезеңдері (1915-2005): Монография.-Алматы: «Дәстүр», 2014.
40. Нұрғали. Р.Драма өнері. Алматы. «Санат», 2001.
41. Организация и методика художественно –массовой работы. Учебное пособие. Под ред. Д.М.Генкина. –М.,1987.
42. Паламышев А. М. Мастерство режиссера. -М;1987.
43. Ремез О. Мизансцена язык режиссера. - М.; 1969.
44. Раугул Р.М. Грим. М., Искусство, 1947.
45. Рахимов Ә. С. Режиссер шеберлігі. Пьесадан қойылымға дейін. Алматы. Тарих тағылымы, 2010.
46. Сахновский-Панкеев В.А. Драма. Конфликт. Композиция. Л. Искусство, 1969.
47. Станиславский К.С. Собр соч. Т. 1.2.3.4. М.:1963.
48. Сыромятникова И.С. Искусство грима -М.:1990.
49. Сығаев Ә. Сахнаға сапар. Алматы, «Өнер», 1990.
50. Театральная энциклопедия. М. 1963.
51. Товстаногов.Г. Зеркало сцены. -М.:1980.
52. Тұранқұлова Д. Сахна тілі». Оқу құралы. А .:1999.
53. Туманов И.М. Режиссура массового праздника и театрализованного концерта. – М. Просвещение. 1976.
54. Чехов М.А. О технике актера. – М., 2002
55. Чечетин А.И. Основы драматургии театрализованных представлений. – М. Просвещение. 1981.

56. Шароев И.Г. Режиссура эстрады и массовых представлений. М. Просвещение. 1986.
57. Шилов Н.П. Сценарное мастерство. Челябинск. ЧКАКИ. 2000.
58. Шихматов Л.М. Сценические этюды. 2-е изд. –М: 1966.
59. Школьников С.П. Грим: Минск, 1969.
60. Штракин В. Грим. М., 1971.
61. Эфрос А. Профессия режиссер. М.,1979.
62. Эфрос А. Репетиция – любовь моя. М.,1976.
63. Юнаковский В.С. Сценарное мастерство. М.: Просвещение, 1974.

Құрастырған:
режиссура, хореография және мәдени-тынығу
жұмысы білім беру бағдарламасының жетекшісі **Айтқалиева Қ.Д.**